


84 (5 қаз)

Ә 57

Шынтемір Әмишаұлы

Қайғасың,
Қасқақұланым...



84 (5423)
Ә 57

Шынтемір ӘМИШАҰЛЫ

ҚАЙДАСЫҢ,
ҚАСҚАҚҰЛАНЫМ...

Өлендер



Ә



АЛМАТЫ
2013

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Каз) 7-5
Ә 57

Жауапты редакторы:

*«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

Берік ЖҮСПОВ

Пікір жазған:

*Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері,
«Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты, ақын*

Маралтай РАЙЫМБЕКҰЛЫ

Әмишаұлы Ш.

Ә 57 **Қайдасың, Қасқақұланым... : Өлеңдер/ — Алматы: Ағна-б,
2013. — 204 бет**

ISBN 978-601-7221-67-6

Шынтемір Әмишаұлының бұл кітабына лирикалық өлеңдері, ата-ана, балалық шақ туралы балладалары, танымдық термелері, туған жер, торқалы топырағы — қасиетті Қасқақұланы жайлы, замандас келбеті, адам болмысы хақындағы толғаныстары топтастырылды.

Ақын әлем халқы назарындағы Аралдың айбынды шағын, бала күнінде көріп, жүрек төрінен мәңгі жай алған қасіретті Теңіздің кемерлі кезін, бүгінгі адам айтса нанғысыз келбетін, «сөнбес сағым, сембес самал, суалмайтын сағынышқа айналған» аянышты халін жыр тілімен әсерлі бейнелейді. Қасқақұланды туған қарапайым қазақтың, «зымыран мінген заманда шекпені шұрық жаяудың» поэзия патшалығына қосқан өзіндік өрнек, жылт еткен жаңалығы қара өлеңнің қадірін білетін оқырманды бей-жай қалдырмасы анық.

Жыр жинағы мәртебелі поэзияның қанатты пырағын кие тұтатын оқырманға арналады.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 Каз) 7-5

Ш29175
Ә. ТӘЖІБАЕВ АТЫНДАҒЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ
ӘМБЕБАП ҒЫЛЫМИ
КІТАПХАНАСЫ
К | ISBN 978-601-7221-67-6 |

© Ағна-б., 2013



*Асыл әжем Ипалымның, ардақты әкем Әмишаның,
аяулы анам Жұмаштың, өмірлік серігім Нагиманың
рухтарына арнадым.*

АВТОР.

АРАЛ ТЕҢІЗІ...

Бүгінгі ұрпақ үшін табиғи апат аймағы, боз даланың баянсыз бағы. Қайсібір қандастарымыз үрке қарайтын, кейбіріне үрей туғызатын, құлан жортпас қатігез құм мен сор құшағындағы қасіретті қиыр. Бүгінгі буынның көз алдына көлемін көңілмен ғана көмкеру мүмкін керімсалдың кешегі кемел күйін сомдау құлагер қарымды қаламгердің де қолынан келе қоймас-ау...



Ал мен болсам бала күнімнен бастап көңілге тоқығандарымды хал-қадарымша ойға орап, өлең тілімен қағаз бетіне түсірген, «теңіз тағдыры — менің өз тағдырым» деп түсінген, бір замандағы теңдессіз таза телегейінің тауқиметін тапжылмай бөліскен қарапайым куәгердің бірімін. Сондықтан, бұл кітап алдымен Сізге арналады, Теңізі көкейінде сөнбес сағым, сембес самал, суалмайтын сағыныш болған тағдырлас!

Құн жетпес қымбатынан айрылған қамкөңіл көптің халін түсінер көзі қарақты қауым, Сен де құлағыңды тос.

БІР КҮНДІК СӘУЛЕ...





...Ақын боп тусаң анадан,
Сыбаған сірә, осы да...

30.05.2000.

БҰЗЫҚ БЕЗБЕН

Жым қуалап түлкідей,
Жіміскілік жүр түлей,
Қайнайды зығырданың.
Жүйке байғұс шерменде,
Жайсандардың көргенде,
Жылпосқа жығылғанын.

Шеккеннен соң арым мұң,
Тоятынан қарынның,
Көрмедім қызықты онша.
Заманыңның бегі — айла,
Салмағыңнан не пайда,
Безбендер бұзық болса...

РИЗАМЫН

Татқандай у самырсынды,
Топастықтан сағым сынды,
Тәңірден ем сұрадым.
Бүлдіршінді мөлдіретті,
Сынығымды сенгір етті,
Төгілдіріп шуағын.

Сүйеуім деп таныдым,
Бір өзінді, Тәңірім!

17.01.2008.



БАБАМЕН МҰҢДАСУ

Бұқар айтқан неліктен,
Аспаса да одан бек.
«Ақылды адам биліктен
Аулақ жүрген адам» деп.

Нені айтқын келді екен,
Дуалы ауыз, абызым.
Бағың бүгін шенге тең,
Тақ шірейді қабызын.

Қарамайды жасына,
Қалғанына мәз билеп.
Бабасының басына,
Бата қылмас безбүйрек.

Сұмырайлық, суайттық,
Сүп-сүйкімсіз болса да.
Құзіретін суат қып,
Қол малады қомшаға.

Міз бақпайды бәтшағар,
Екі тиын өлгенің.
Құбылады татса нәр,
Бағаң сенің — бергенің.

Бағзыда бұл бар ма екен,
Бабам да зар қақтың ба.
Биліктінің арға кем,
Болатынын айттың ба?

Қайдам, қайдам... тордағы,
Шырылдаған шымшықпын.



Заманымның толғағын,
Түсіне алмай түншықтым.

Қазинелі арамды,
Көрдім де тілді тістедім.
Дар алдындай ар алды,
Далбаса болса не істедім.

Алауыз боп санама,
Ақылым жерге қаратар.
«Арлы бол» деу балаға,
«Жарлы бол» деумен пара-пар...

21.05.2008.

ӘУРЕ БОЛМА

Тар кеудені жайласа өзімшілдік,
Көрінсе де бәлкім бұл сөзім сұмдық.
Бір өзінен басқаға су қараңғы,
Ағызып түсіргенше көзін шындық.

Торлағаннан кеудесін өзімшілдік,
Ат-тоңынды ала қаш, безін, Шындық.
Жақтырмайды сәуленді тас туырлық,
Таптырмайды тал түсте ізін түндік...

13.08.2008.

**ЖҮРЕК**

Қайран жүрек, неге мұнша сыздадың,
Неге мұның болды үстем?
Жібітем деп қоңыр күздің мұздағын,
Шаршадың-ау, байғұс, Сен.

Арын қайда аптап ескен баяғы,
Құрыққа ырық бермеген.
Бақташыдай ұстап қалған таяғын,
Мәңгіресің Сен неге?

Мықты едің ғой ойда, қырда сыналған,
Мажығып-ақ қалдың ба?
Адалдығың — алауы мол шырағдан,
Бар медеуі ардың да.

«Қарындарды» түкірікке шашалған,
Көрмедің Сен нешеуін.
Арлылардың не таңы бар қашаннан,
Сыбағасы кешеуіл.

Серпі мұңның тұмшалаған түнегін,
Сібірлесін таң алдан.
Жүрегі бар адамдардың жүрегі,
Сыздау үшін жаралған.

15.05.2000.



**ЖАЙЫН ҰҒЫП ШҰНАҚ
ӨСКЕН ШЫБЫҚТЫҢ**

(Жұмагүл ағама)

Келіп күзім, түссем-дағы сабаға,
Мойнын өрім шақ бұрмай.
Асқарымдай өзін тұрсын, жан аға,
Жаз қакпасын жаптырмай.

Қасында мен ақ басымды ұмыттым,
Жайсаң жаның — жайлауым.
Жағасында ойнақтаймын тұнықтың,
Үзген тайдай байлауын.

Жайын ұғып шұнақ өскен шыбықтың,
Жел жағымнан табылдың.
Жаурағанға ғана мәлім құны ықтың,
Көрінбесең сағындым.

Сөздеріңнен өріледі ой-маржан,
Ілетінге үлгі мың.
Көрем кейде мандайдағы сайлардан,
Көңіліңнің кірбіңін.

Қандай сырбаз қазинелі қарттығың,
Ажарысың алқаның.
Қиып түсер қызықтырса мәрттігің,
Морттығыңнан қорқамын.

Көкіректің көк тұманын сергітті,
«Қарағымың» қаншама.
Өнегесі өрелілік, өрліктің,
Аман болшы, жақсы аға!

9.03.2000.



ЖАҚСЫЛАР

Білем, талай жолыққам,
Жамандардың тілі ащы болатынын.
Тілегім де сондықтан,
Маңы болғай жақсының қонатыным.

Келгендердің келімі,
Тұңғиықтай жанары шымырлаған.
Тындаған жан елігіп,
Ұғатындай қаншалық ғұмырда мән.

Құнықтырар көрікті ой,
Көктемдегі көгілдір қанатындай.
Сезім сергек, берік бой,
Сіңіре алсаң санаңа санатын бай.

Туымдылар – көктегі Ай,
Адасқанда алдыңнан солар шығар.
Сиректеу тек әттең-ай,
Қымбаттығы сондықтан болар сірә...

8.09.2000.

НЕ ДЕЙІН...

Шолтандайсын шоқтығым биіктер деп,
Шырағым-ай, не дейін?
Көлгірсіген сөзіңнен сұйық, кермек,
Көрінеді көмейің.

Тұңғиықсып көкуі тайыздардың,
Қашаннан да таң ба екен.



Парасаты болмаса ауыздарлық,
Пенде байғұс, пәмге кем.

Білгішсіну басқа ғой, білу басқа,
Қалай оны көрмессің.
Көтерем деп кетірет құнын босқа,
Ізін қуған өнбестің.

Бола алмаған сен бе тек сынға берік,
Көкірегі әласпан.
Құшағына шайтанның шындап еніп,
Талай пенде адасқан.

...Сөзің құнсыз дәрпі үшін барын сатқан,
Аярларға баққа мас.
«Адасқанның — алды жөн» әлімсақтан,
Омақаспай тоқтамас...

20.11.2000.

БЕКЗАТЫМ

Қарағым-ай, Бекзатым, қарағым-ай,
Неге апшың тарылды, дана Құдай?
Тандайы сәл тұшынып келе жатса,
Аһ ұрғызып жаманат жарағы бай.
Неге аңырап қазағым қалады ұдай,
Бекзатым-ай, қалқам-ай, қарағым-ай...

Ақиық боп баптаған балапаның,
Асқақтатты әлемге ел атағын.
Қонды-дағы, жасың боп сусып түсті,



Мұнша тайғақ болар ма алақаның.
Мұнша тұщы болар ма дала, қаның,
Топшысынан қайрылды-ау балапаның.

Қарағым-ай, түлеткен текті мекен,
Неден кеуілің беймезгіл етті секем.
Періштелер төрлеген пейішке әлде,
Пенделердің сұқтанған деп тілі өтер,
Бабаларың қасына ап кетті ме екен?
Қош, қарағым, тербеткен текті мекен!

10.01.2001.

ТІЛ

Өмірдің көшіне сын,
Өрінен тайынғаны.
Өсердің несібесі —
Өткеннің пайымдары.

Қаулайды сөздің қатар,
Қисыны қисығымен.
Қынында кездік жатар,
Қыл қапқан түйсігімен.

Құлшына сілтегенде,
Қалған ба қапы бабам.
Қырыққан қыл көгенді,
Құтқарып хақын адал.

Түрген де көк тұманды,
Түңілген сөзден сыңар.
Ту еткен текті ұланды,
Тілінен көрген құнар.



Шоқ шайнап, от көседі,
Шағында шамырқанған.
Сөз тапқан боп көсемі,
Сойылға сабыр таңған.

Ажалмен алысса да,
Ажыры кезде үйірген.
Бас имей арыс баба,
Бір ауыз сөзге иілген...

Ұяттан арым күрең,
Тіл менің заманымда.
Қарыс түк қалы кілем,
Тақтының табанында.

23.12.2007.

СЫНА, ЖҰРТЫМ...

Жайсаңға жайсаңсың деп айтсам деп ем,
Бір тал үкі бөркіне тақсам деп ем.
Жасықтың кеудесінде жігер болып,
Мақпал тандай сібірлеп атсам деп ем...

Жайнағанның бағында шығы болсам,
Жаурағанның қамсауы, ығы болсам.
Жеткіншектің тағалап тай-талабын,
Жетелесем қиырға шығып арсам.

Сәуле болсам деп едім әр тасанда,
Сына, жұртым, жүгінді арта сал да.
Ризамын жадында «бес күнімнен»,
Болар-болмас бес күндік қалса таңба...



ҚОРЫҚПАЙМЫН

Шіркін, көңіл, сәтте қашса қиюын,
Қандай қиын, қандай қиын июің...
Әй, Жалғыздық, қалған болса құтыңда,
Мені аяма, тағы, тағы... құй уың.

Тандамаймын көбін-дағы, азын да,
Онан келер қорықпаймын жазымнан.
Ақ қағазға үйіп-төгіп бірден-ақ,
Ақтарғам да, талай-талай жазылғам...

17.02.2001.

ТАҢДАЙҒА БАСАР ТАБЫЛСА...

Күйкі тірлік, күйбеңімен,
Күн өткізіп жүргенде.
Оты өшерін білгенімен,
Сол дүлейдің дүрмегінен,
Аса алмаған бір пенде.

Жалғаншының дуы басым,
Жеңбей қоймас арбаса.
Ысынасың, суынасың,
Қуыласың, құтыласың,
Сезімің мұз болмаса.

Арбалғанда көресің кең,
Алдыңнан жол төте мың.
Есің кірсе білесің сен,
Өзің батқан күресіннен,
Жол табудың не екенін...



Қалмас бірақ таса түбі
Ешкім де Елге табынса.
Пәс зейілді ашатұғын,
Тандайына басатының,
Тал бойыңнан табылса...

10.02.2002.

ШУАҚҚА БӨЛЕП

(А-ға)

Қуатым дедім, ізіме бұлдырап ердің,
Құладың едім, өзінмен мыңғыра бердім.
Шөліркеген жанымды шуаққа бөлеп,
Тілектен терме түнімді түнге ұра тердім.

Базарым қайнап, басталды балалық-балың,
Жапырақтар да жайылды жанарып маңың.
Алысым таяп, ауырым жеңілдеп менің,
Қалғандай болды ояңдау оңалып халім.

Қияға салдым көзінді қырандық тілеп,
Қиялын тербеп төгілді жыр-ән ғып жүрек.
Көрінсе төбең қыраттан анаңмен қалқам,
Көгілдір ерткен аққудай сыландық түлеп.

Солай да солай, күйбең күн керуенін қуып,
Легіне еріп тіршілік-әуренің суыт.
Жүргенде басқа байқатпай бозқырау түсіп,
Өкшелеп қаппыз егделік дәуренін суық...

Өкініш емес, мазалар бір алаң жаман,
Талайға тарлау кезікті бұралаң заман.



Соқпақты сыннан сүрініп әкеннің сағын,
Сындыра көрме, тек соны сұранам, балам.

СИЯ ЖАСАП КӨҢІЛІМНІҢ КҮЛІНЕН

Алдағанға арбалатын ақ жаным,
Ащы сөзден от оран да, шок жамыл.

Үйтілсең де тамшысымен жасқайтын,
Қарлығашты таппайсың.

Ақ пейілім, жанға қисық ойламас,
Абылықпа, ой пердесін жайлап аш.

Жаға салар таптырмайтын иесін,
Бір бәтшағар күйесін.

О, Жасаған, жыпырлаған пенденің,
Арасынан сенер досқа кендемін...

Сия жасап көңілімнің күлінен,
Ақ қағазға үңілем...

17.02.2001.

САҒЫМ

Жан дейсің бе?
Жан дегенің — далбаса,
Жан-бейбақты ұғынар жан болмаса.

Ой дейсің бе, ой дегенің оймақтай,
Шөлдегенді тұнығына бойлатпай.



Ақылың ба, ақылың да айран-ды,
Дәмін татып, таппасан ден қойғанды.

Білгенің бе, білгенің де білмеген,
«Мен білем» деп басса біреу күнде бел.

Ар дейсің-ау, арлыдан қор таппадым,
Аша алмай жүр аяр құрған қақпанын.

Шыдам дейсің, шыдамның да шырқы жоқ,
Тынбай түтер бойламастар құлқына оқ.

Сөз дегеннің құны қашан кеткелі,
Сүлде деген сүмірейген ет, тері...

17.05.2007.

ДЕРТ

Іздеймін достым, іздеймін,
Ізіміз қалған жағаны.
Бозқырау түскен күздеймін,
Көксеткен көктем бағы әлі.

Толқыған талыс кеуденің,
Тыпыршыған жүректің.
Ақ құмы табар демде емін,
Алтын жал Ақтүбектің.

Әніңмен сонда аунат деп,
Аңсарым ауып келгенде.
Қайтамын әттең, жаурап тек,
Кейпінді көріп шерменде.



Көңілді күпті боздатам,
Дертіннің жайы белгілі.
Қиылған талай боздақ ән,
Қырқылған талай ел гүлі...

Маңайың мұнды кешкенде,
Көре де тұрып көрмейсің.
Төскейден құлап тепсенде,
Тоқырап қалған селдейсің.

Етейін кімді айыпты,
Еркінді умен жайраттың.
Ескексіз тағдыр-қайықты,
Есірік желге айдаттың...

Үмітті жалғап әуресін,
Үздігем, көру – тағы арман.
Бозала таңның сәулесін,
Бозамық тартқан жанардан...

30.07.2002.

ПУШКИНМЕН СЫРЛАСУ

Күз.
Қырқаның бозқырауын жамылып,
Малынып мұздағына.
Ызғырыққа ықтырмасыз таңылып,
Жүректің сыздауын-ай...

Алдандың ба алдамшылау көрікке,
Алтын мен жерде күміс.
Еміреніп өлең жаздың неліктен,
Александр Сергеевич.



Күз кестесін мінсіз қалай құрадың,
Көруге асық қылып.
Өміріннің сөндірсең де шырағын,
Жаз нұрын шашып тұрып.

Көргендерге өмір күзі — күрдесін,
Түгі жоқ тамсанатын.
Жаздың сірә, көре алмасын білгесін,
Ертеңді аңсап Ақын.

Есті есесін тұрмайтұғын ізіне,
Уақта епті алатын.
Ақындардың жетпегені күзіне,
Дұрыс па деп қаласың...

Ұлы шабыт, ұшқының ем пейіл бүк,
Бөлістім сәл жайыммен.
Шауда осылай көк тұманым сейілтп,
Желпіп өт шалғайыңмен...

9.08.2002.

АСҚАҚ АҚЫН

Арқалы ақын, ақиық асқақ ақын,
Жырлар нөпір осылай басталатын.
Үй қимаған Алматың көше қиды,
Алатауда қашалды тасқа да атың.

Мұқатқанға өзінді мастанатын,
Мейманасы мансаптан тасқан әкім.
Мүсініңнің маңында мүдіреді,
Мәңгілікке көз салып қасқаятын.



Жомарттықпен ығысқан басқаға тым,
Сен дегенде сарқылды баспада пұл.
Солар бүгін жырына таласады,
Жетімектей жазықсыз жасқалатын.

Гүлзарында үгіліп тас-тағатың,
Жаурап жалғыз мұз-мұнды жастанатын.
Оты бар жас өршітсе ойдың қозын,
Жалынынан шырадай тас қара түн.

Талантың мен талабың — қос қанатың,
Уақыттың қақ жарып қат-қабатын.
Төрге өрлетті, шіркін-ай, талай өзің,
Есігінен итеріп тасталатын.

Жер-бесікте тыншы бір, асқақ Ақын,
Күнің ұмыт жабыдан жасқанатын.
Шаң шұқтырмай келеді шашасына,
Жыр-додаға үкілеп қосқан атың...

АҚ ЖОЛҒА САЛДЫҢ ҚИСЫҚТЫ
(бабам Мәмбетәлі ахунға)

О, киелім!
Тұсыңнан өтпен бұрылмай,
Ұрпағың едім ұлыққа балар сүйегін.
Хақтан өзгеге бермеген сірә бір ыңғай,
Рухыңа баба, сәжде етіп басты иемін.

Басыңа келем бұйрат құм кешіп тағы да,
Бабаға деген баланың арнап тілегін.
Құлпытасыңды сипасам барып жаныңа,
Елжіреп жаным, еміренеді жүрегім.



Жатырсың сансыз жотанда өзін шарлаған,
Ала таң куә, іздерің қалған құба құм.
Сан мәрте мұнда бейітің бар ма бармаған,
Мәйітке тілеп «Құлқуалланың» қуатын.

Жамағат ұйып, уағызына әмән иланды,
Әдептен асқан ақ жолға салдың қисықты.
Тіріге жүрім, өліге тілеп иманды,
Көзінді жұмдың, қимай жұрт жасын сусытты.

Жер-бесіктегі жайыңа жақсын Алла нұр,
Бақидан күткен ақталып мәңгі мұратың.
Жүгіне салып «Ықылас» сүре арнадым,
Биссмиллахи ар рахмани рахым...

23.05.2003.

НАМЫС

Жем салам деп аузына арыстанның,
Жаны қалмай жабыла жарысқанның.
Күйкі күнін көргенде, күлкі күйін,
Қазақ деуге соларды намыстандым.

Мылжыңынан мәймөңке арыстанның,
Мылжалап мың жүйкені жанышқанмын.
Салпанқұлақ сол кезде өзімді де,
Қазақ деуге қайран-ай, намыстандым.

Мейманасы тасыған арыстанның,
Азуында боларым алысқан күн
Білсем-дағы қасуға құлағынан,
Қазақпын-ғой, әйтеуір намыстандым...

22.07.2007.